

**С.С. Аубакирова¹, М.Ж. Кожамжарова^{1*},
З.С. Исакова², А.Ә. Мажитова³**

¹Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: mayra_2901@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Берілген мақалада заманауи қазақстандық қоғамды жаңғырту жағдайындағы толеранттылық мәселесі, сонымен қатар толеранттылық ұғымының шығу тарихына, оның алғышартына, сонымен қатар, толеранттылық құбылысына әлеуметтік-философиялық талдау жасай отырып, қазіргі уақытта толерантты көзқарасты дамытудың сәттілігі мәдениеттің алдыңғы гуманистік дәстүрлерін ұстануға емес, қазіргі халықаралық-саяси оқиғаларды нақты саналы бағалауға байланысты болатынын атап өткен жөн. Берілген зерттеудесалыстырмалы тарихи, талдау, аксиологиялық, сауалнама тәсілдері қолданылды.

Жаһандану үдерістері мен құндылықтар жүйесіндегі өзгерістердің этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық өзара әрекеттестіктің даму ықпалына ерекше назар аударылады. Авторлар Алматы мен Астанада жинақталған эмпирикалық деректерге сүйене отырып, олардың түсінуіндегі айырмашылықтарды анықтай отырып, жастардың «толеранттылық» және «төзімділік» түсініктерін қабылдауына талдау жасайды. Білім беру және қоғамдық бағдарламаларда бұл ұғымдарды нақтылау және танымал ету қажеттілігі атап өтілді. Сондай-ақ толеранттылық феноменінің, оның ішінде батыс пен шығыс парадигмаларының тарихи-философиялық негіздері қарастырылады. Қазіргі Қазақстандағы қоғамдық сананың тұрақтылығы үшін толеранттылық мәдениетін дамытудың стратегиялық маңыздылығы туралы қорытынды жасалды.

Жұмыс жастардың мәдени толеранттылығы мен діни сауаттылығын арттыруға, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған гранттық жоба аясында жүзеге асырылды.

Түйін сөздер: толеранттылық, мәдени толеранттылық, әлеуметтік философия, қоғамдық сананың жаңғыруы.

**S.S. Aubakirova¹, M.Zh. Kozhamzharova^{1*},
Z.S. Isakova², A.A. Mazhitova³**

¹Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: mayra_2901@mail.ru

The problem of tolerance in the conditions of modernization of kazakhstan society

The article examines the problem of tolerance in the context of modernization of modern Kazakhstani society, and also conducts a socio-philosophical analysis of the history of the concept of tolerance, its prerequisites and the phenomenon of tolerance. It should be noted that the success of the formation of a tolerant attitude today depends not on following the previous humanistic traditions of culture, but on a realistic and conscious assessment of current international political events. This study uses comparative-historical, analytical, axiological and survey methods.

Particular attention is paid to the influence of globalization processes and changes in the value system on the development of interethnic, intercultural and interfaith interaction. Based on empirical data collected in Almaty and Astana, the authors analyze the perception of the concepts of "tolerance" and "forbearance" among young people, identifying differences in their understanding. The need to clarify and popularize these concepts in educational and public programs is noted. The historical and philosophical foundations of the phenomenon of tolerance, including Western and Eastern paradigms, are also considered. A conclusion is made about the strategic importance of developing a culture of toler-

The work was carried out within the framework of a grant project aimed at increasing cultural tolerance and religious literacy of young people, progressive public consciousness.

Keywords: tolerance, cultural tolerance, social philosophy, modernization of public consciousness.

С.С. Аубакирова¹, М.Ж. Кожамжарова^{1*},
З.С. Исакова², А.Ә. Мажитова³

¹Торайгыров Университет, Павлодар, Қазақстан

²Қазақстан ұлттық университеті атындағы аль-Фараби, Алматы, Қазақстан

³Евразия ұлттық университеті атындағы Л.Н. Гумилев, Астана, Қазақстан

*e-mail: mayra_2901@mail.ru

Проблема толерантности в условиях модернизации казахстанского общества

В статье рассматривается проблема толерантности в контексте модернизации современного казахстанского общества, а также проводится социально-философский анализ истории понятия толерантности, его предпосылок и феномена толерантности. Следует отметить, что успешность формирования толерантного отношения сегодня зависит не от следования прежним гуманистическим традициям культуры, а от реалистичной и осознанной оценки текущих международных политических событий. В данном исследовании используются сравнительно-исторический, аналитический, аксиологический и опросный методы.

Особое внимание уделяется влиянию процессов глобализации и изменения системы ценностей на развитие межкультурного, межкультурного и межконфессионального взаимодействия. На основе эмпирических данных, собранных в Алматы и Астане, авторы анализируют восприятие понятий «толерантность» и «терпимость» среди молодежи, выявляя различия в их понимании. Отмечается необходимость уточнения и популяризации этих понятий в образовательных и общественных программах. Также рассматриваются историко-философские основы феномена толерантности, включая западные и восточные парадигмы. Делается вывод о стратегической важности развития культуры толерантности для устойчивости общественного сознания современного Казахстана.

Работа выполнена в рамках грантового проекта, направленного на повышение культурной толерантности и религиозной грамотности молодежи, модернизации общественного сознания.

Ключевые слова: толерантность, культурная толерантность, социальная философия, модернизация общественного сознания.

Кіріспе

Қазіргі қазақстандық қоғам өмірдің барлық салаларын – экономика мен саясаттан мәдениет пен білімге дейін жаңғыртуға байланысты қарқынды трансформация үдерістерін бастан өткеруде. Жаһандану, цифрландыру және өсіп келе жатқан әлеуметтік ұтқырлық жағдайында этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық өзара іс-қимыл мәселелері өзекті бола түсуде, бұл толеранттылықтың әлеуметтік-философиялық мәселесін өзектендіріп ғана емес, сонымен қатар елдің тұрақты дамуының маңызды стратегиясы болып табылады.

Әртүрлі этностардың, тілдер мен діндердің қатар өмір сүруінің бірегей тәжірибесі бар Қазақстан бейбітшілік, келісім және өзара құрмет саясатын ұстанады. Дегенмен, нақты әлеуметтік-философиялық, мәдени жағдайларда толеранттылық қағидаттарын толық іске асыруға кедергі келтіретін қиындықтар бар екені белгілі, олар: әлеуметтік поляризацияның күшеюі, этни-

калық стереотиптер, жастар арасындағы шиеленістер, қоғамдағы құндылықтардың өзгеруі, сонымен қатар цифрлық арналар арқылы таралатын экстремистік және ксенофобиялық идеологиялардың ықпалы. Берілген мақалада модернизация үдерістері жағдайында толерантты сананы қалыптастырудың негізгі мәселелері мен кедергілерін анықтауға, сондай-ақ қазақстандық жастардың толеранттылық құбылысына көзқарастары, толеранттылық пен төзімділік арасындағы айырмашылықтардың әлеуметтік-философиялық аспектілерін түсінуге бағытталған.

Әдебиеттерге шолу

Толеранттылық әлеуметтік-философиялық құбылыс ретінде Қазақстан Республикасының көпұлтты халқының қазіргі өмірінің құрамдас бөлігіне айналды. Толеранттылықтың болуы оның бейбіт дамуының маңызды критерийі екені белгілі және мұндай жағдайды сақтау елдің өркендеуінің кепілі болып табылатыны қисынды.

Керісінше, полиэтникалық, поликонфессиялық немесе көпмәдениетті қоғамдағы төзімсіздік адам құқықтарының бұзылуына, зорлық-зомбылыққа және қарулы қақтығыстарға әкеледі (Ежова, 2010: 28). Сондықтан да елімізде толеранттылық құндылығына негізделген ұлтаралық және конфессияаралық диалогты сақтау біздің билігіміздің басты ішкі саяси басымдығы болып табылады (Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2025). Бұл туралы Президент Қ. К. Тоқаев өзінің әр жолдауында айтып келеді.

Қазіргі кезде әлемде және елімізде болып жатқан күрделі жағдайлар, діни толеранттылық, мәдени толеранттылық, этносаралық толеранттылық мәселелеріне аса назар аудару қажеттігін көрсетеді.

Қазіргі кезде мәдениетаралық коммуникация, этносаралық және конфессияаралық қатынастар жағдайында толеранттылық моделін қалыптастыру мәселесі сұранысқа ие теориялық және тәжірибелік міндеттердің бірі болып табылады. Ол әрине қазіргі кезде дамып келе жатқан медиа мәдениеттің күшті әсері, қоғамның құндылықтар жүйесінің өзгеруі, ғылым мен жаңа технологияларда болып жатқан жаңа тенденциялар және т.б. Бұл өзгерістер барлығы адамдардың өмірлік қағидаларына, мінез-құлқы мен және қарым-қатынастарына әсер етеді, нәтижесінде жеке адамда және онымен бірге этникалық, әлеуметтік топтарда күрделі өзгерістер пайда болады.

Осы орайда, бұл мәселені зерттеу тұрғысында әлеуметтік-философиялық негіздерді тікелей талдау қажет, сондықтан тарихи қалыптасқан Батыстық және Шығыстық парадигмалар генезисіне мәдени-философиялық талдау қажет болып табылады. Мысалы, антика философиясында толеранттылықтың шығу идеясы жоққа шығарылмады, керісінше, осы идеяны жақтаған көзқарастарды кездестіруге болады, оны антика тарихынан емес, антикалық алғышарттардан байқай аламыз.

Ортағасырлық философия үшін толеранттылық діни фанатизмнен өздерін шектеу, өзге де дін өкілдерінің бір-біріне деген түсініктігі ретінде қарастырылады. Шын мәнінде төзімділік туралы теориялар шынайы классикалық теориялар болып табылады. Оларға С. Кастеллион, П. Бель, Вольтер, Дж. Локтты мысалға келтіруге болады. Толеранттылықты каталик-

термен протесттандар арасында арасында келісім шарт орнатудағы басты құрал болғанын 1361 жылы Ларусстың (Par Albert Dauzat et al., 1964) анықтамасынан байқауға болады. Сонымен қатар, осы мәселе туралы әртүрлі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйенуге болады, мысалы, Умберто Эко ортағасырлық Батыс Еуропа мәдениетіндегі дінмен мәдениеттің байланысының рөлін зерттеуге маңызды үлес қосты. Ю. Хабермас толеранттылықпен интолеранттылықтың табиғаты туралы айтса, академик В. Тишков толерантносттылық пен экстремизм туралы жазады, В.А. Лекторский толеранттылықтың классификациясы туралы сөз қозғаған болатын.

Отандық ғалымдар Ә. Нысанбаев Қазақстанда толерантты сананы (Нысанбаев, 2004), З. Исмагамбетова, этносаралық толеранттылық мәселелерін (Исмагамбетова, 2014), Г.К. Абдигалиева әлеуметтік толеранттылықты (Абдигалиева, 2016), И. Цепкова толеранттылықтың шығу тарихы мен мәнін (Цепкова, 2007) зерттеген.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы барысында авторлар зерттелетін мәселе бойынша философиялық және мәдениеттанулық әдебиеттерге арқылы теориялық талдаулар жасалды. Бұл әдістер философиялық, мәдени, әлеуметтік құндылықтардың, оның ішінде толеранттылық құндылықтарының жұмысын бағалау мен сипаттауды анықтауға және қолдануға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар толеранттылық ұғымын түсінуде герменевтикалық тәсілдерді қолдану аясында терең философиялық талдаулар жасауға мүмкіндік беріледі.

Тақырыпты зерттеу барысында авторлар толеранттылық ұғымының мазмұнын зерттеуде мәтіндерге талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс әлеуметтік, мәдени, ақыл-ой, құндылық көзқарастарын анықтау және әртүрлі мәдениет субъектілерінің іс-әрекетінің себептерін анықтау, сондай-ақ мәдени құндылықтармен алмасу процесін түсіну үшін мәтіндердің мазмұнын талдау мақсатында қолданылады. Жоғары да аталған барлық әдіс-тәсілдер арқылы әлеуметтік – философиялық аспектіде толеранттылық құбылысын түсінуге, оның мәнін ашуға мүмкіндіктер берілген.

Сонымен қатар гранттық жоба барысында өңірлерде респонденттерге сауалнама жасалды.


Нәтижелер және талқылау

Қазіргі жаһанданған әлемде мәдени толеранттылық, әсіресе қоғамның болашағын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын жастар арасында басты құндылықтардың біріне айналады. Бүгінгі таңда жастар жаһандану, көші-қон процестері және цифрлық технологиялардың дамуы сияқты факторларға байланысты белсенді мәдениетаралық өзара іс-қимыл жағдайында өмір сүруде.

Жастар арасындағы мәдени төзімділік қазіргі қоғамда бейбіт және үйлесімді өмір сүрудің қажетті шарты болып табылады (Аубакирова, 2024). Бұл мәдени кедергілерді жеңуге көмектеседі, ынтымақтастықты дамытады және айырмашылықтарды құрметтейді. Жаһандану және цифрлық коммуникация жағдайында толеранттылық тек құндылыққа ғана емес, жастарға неғұрлым тұрақты және әділ болашақ құруға мүмкіндік беретін маңызды дағдыға айналады.

«Толеранттылық» және «төзімділік» ұғымдары жиі бір-бірінің орнына қолданылады, бірақ олардың арасында мағынасы мен қабылдауында белгілі бір айырмашылықтар бар.

«Толеранттылық» әдетте қоғамдағы мәдениеттердің, діндердің және көзқарастардың алуан түрлілігін құрметтеу және қабылдау, ынтымақтастық пен диалогқа дайын болу деп түсініледі. Сонымен қатар, «толеранттылық» бір нәрсені пассивті қабылдауды білдіруі мүмкін, кейде ішкі келіспеушілікке қарсы (Шалабаева, 2002) болып келеді. Осы орайда Торайғыров университеті КеАҚ «Философия әлеуметтік ғылымдар кафедрасы гранттық қаржыландыру негізінде «Қазіргі Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғырту жағдайында жастарда діни сауаттылық пен мәдени толеранттылықты арттыру» тақырыбы аясында діни сауаттылық, мәдени толеранттылық және қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері бойынша бірнеше қалаларда әлеуметтік зерттеу жұназарға мысалға алынды. Мысалы, респонденттердің осы ұғымдарды қабылдауын және олардың идеяларында қалай байланысатындығын зерттеу мақсатында сіздің ойыңызша **«Толеранттылық» және «төзімділік» ұғымдары қалай байланысты?** атты сұрақ қойылды.



1-диаграмма – Алматы қаласының жастарының «Толеранттылық» және «төзімділік» ұғымдарының байланысы

Алматының қаласы бойынша респонденттердің 23,2% бұл ұғымдар бір-біріне синонимдесе, 37 % «төзімділік» » түсінігінен гөрі «толеранттылық» кеңірек, 7,6 % «толеранттылық» түсінігінен гөрі «төзімділік» кеңірек десе, 13,6% бұл ұғымдарды мүлдем салыстыруға болмайды деп жауап берген, респонденттердің 18,6 % бұл

сұраққа жауап беруге қиналатындарын айтқан, осыдан ұғымдарды түсінуде ақпараттың жеткіліксіздігі мен бұлыңғырлығын көрсетуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің «толеранттылық» пен «төзімділік» ұғымдарына қатысты көзқарастары әртүрлі. Бұл ұғымдарды түсінуде бірізділіктің жоқтығы мен

ақпараттың жеткіліксіздігі байқалады, сондықтан олардың мазмұнын нақтылап, кеңінен түсіндіру қажеттілігі туындайды

Астана қаласы бойынша респонденттер 19,2% бұл ұғымдар бір-біріне синоним десе, 35,9 % «төзімділік» түсінігінен гөрі «толе-

ранттылық» кеңірек, 10,7 % «толеранттылық түсінігінен гөрі «төзімділік» кеңірек десе, 14,7% бұл ұғымдарды мүлдем салыстыруға болмайды деп жауап берген, респонденттердің 19,5 % бұл сұраққа жауап беруге қиналатындарын айтқан,



2-диаграмма – Астана қаласы жастарының «Толеранттылық» және «төзімділік» ұғымдарының байланысы

Осыдан респонденттер арасында «толеранттылық» және «төзімділік» ұғымдарын қабылдау біркелкі емес. Алматы қаласында оларды жиі синоним ретінде қарастырса, Астана қаласында толеранттылық ұғымының төзімдікке қарағанда кең екенін байқауға болады. Бұл мәдени және әлеуметтік әртүрлілікке белсенді құрмет ретінде толеранттылық туралы нақты түсінік қалыптастыру үшін білім беру және қоғамдық бағдарламалардағы осы ұғымдардың мағыналарын одан әрі түсіндіру қажеттілігін көрсетеді.

Толеранттылық феномені этникалық және мәдени алуан түрлілігімен ерекшеленетін қазіргі қазақстандық қоғамның маңызды сипаты болып табылады. Көптеген халықтардың, дәстүрлер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында толеранттылық тұрақтылықтың, бірлік пен өзара түсіністіктің негізіне айналады. Келесі сұрақ сіз **«Қазіргі қазақстандық қоғамындағы толеранттылық феноменіне қалай қарайсыз?»** респонденттердің Қазақстандағы әлеуметтік, мәдени және діни өмір контекстіндегі толеранттылыққа қатынасын зерттеуге бағытталған, бұл құбылыстың қоғамдағы үйлесімділікті нығайтудың құндылығы мен құралы ретінде қаншалықты қабылданатынын түсінуге көмектеседі.

Алматы қ. 18-22 жас аралығындағы респонденттердің 41,9 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа


қарағанда дұрыс), 48,9 % бейтарап, 1,4% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 8,4 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

23-27 жас аралығындағы респонденттердің 62,6 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 22,5 % бейтарап, 0,4% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 13,9 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.


28-31 жас аралығындағы респонденттердің 74 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 21,4 % бейтарап, 0,4% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 4,3 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

32-35 жас аралығындағы респонденттердің 44,7 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 36,5 % бейтарап, 1,4% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 15,5 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

Жас ерекшеліктеріне қарай респонденттердің көзқарасында айқын айырмашылықтар байқалады. Жасы үлкейген сайын (әсіресе 28-31 жас аралығында) жағымды пікір білдірушілер үлесі арта түссе, керісінше, 18-22 және 32-35 жас аралығындағы топтарда бейтарап немесе жауап беруге қиналатындар үлесі жоғары. Бұл жастардың тақырыпқа қатысты түсінік деңгейі мен сенімділігінде айырмашылық бар екенін көрсетеді.



3-диаграмма – Алматы қаласы респонденттердің қазіргі қазақстандық қоғам аясында толеранттылық феноменіне қатынасы



4-диаграмма – Астана қаласының респонденттерінің қазіргі қазақстандық қоғам аясында толеранттылық феноменіне қатынасы

Астана қ. 18-22 жас аралығындағы респонденттердің 61,8 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 21,6 % бейтарап, 0,8% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 15,7 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

23-27 жас аралығындағы респонденттердің 49,5 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 33,9 % бейтарап, 2,4% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 13,9 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

28-31 жас аралығындағы респонденттердің 57,5 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 28,7 % бейтарап, 2,2 % (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 10,8 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

32-35 жас аралығындағы респонденттердің 56,4 % (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс), 23,8 % бейтарап, 1,4% (жағымсыз, өте жағымсыз), респонденттердің 18,3 % жауап беруге қиналамын вариантын таңдаған.

Екі қаланың респонденттердің көпшілігі (шамамен 56 %) толеранттылық құбылысын оң бағалайды, соның ішінде (өте дұрыс, дұрыс, жоққа қарағанда дұрыс) Бұл толеранттылықты маңызды әлеуметтік құндылық ретінде қоғамдағы танылуын көрсетеді.

Респонденттердің шамамен 30% – ы бейтарап позицияны ұстанады, бұл тақырыпқа немқұрайлылық немесе қызығушылықтың жеткіліксіз екенін көруге болады.

Толеранттылықты теріс қабылдау өте төменекенін, шамамен 0,9 %-1,7 % («жағымсыз, өте жағымсыз») көруге болады. Бұл қазақстандықтардың қоғамдағы толеранттылық құбылысын жалпы қолдауын байқауға болады.

Респонденттер жауап беру қиналымын нұсқасын ы (15,7% – 18,3%) таңдаған, бұл халықты толеранттылықтың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы хабардар ету қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы алғанда толеранттылық феноменін зерттелген қалалар бойынша респонденттердің көпшілігінің оң қабылдағанын көруге болады, бұл оның қазіргі қазақстандық қоғамдағы маңыздылығын растайды. Дегенмен, толеранттылық туралы түсінікті нығайту үшін осы тақырыпты одан әрі ағарту және талқылау қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, толеранттылық ұғымы халықаралық шығу тегіне қарамастан, Қазақс-

танның әлеуметтік-мәдени контекстіне табиғи түрде үйлеседі және мазмұны жағынан қазақ халқының «төзімділік» сөзіне сәйкес келеді. Қазақстанның көпұлтты әрі көпконфессиялы қоғамы жағдайында толеранттылық тек моральдық категория емес, сонымен бірге ұлтаралық татулықты сақтау, азаматтық келісімді нығайту және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің маңызды шартына айналуға.

Қазіргі заман жаңа сын-қатерлерге толы: қоғамда агрессия мен төзбеушілік күшейіп, деструктивті идеологиялар мен экстремистік көзқарастардың таралуы байқалуда. Бұл жағдай ұлтаралық алауыздық пен радикалданудың алдын алуға бағытталған ескі тәсілдерді қайта қарап, жаңаша көзқарас қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, толеранттылық тек жеке қасиет қана емес, әділ әрі қауіпсіз қоғам құрудағы мемлекеттің стратегиялық ресурсы ретінде қарастырылады.

Толеранттылық мәдениетін қалыптастыруда білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, отбасы тәрбиесі мен мемлекеттік идеологияның рөлі ерекше. Тек мақсатты және жүйелі жұмыстар арқылы ғана өзара құрмет пен диалогқа негізделген идеяларды ілгерілетіп, жаһандану жағдайында әртүрлі этностар мен конфессиялардың үйлесімді өмір сүруіне қол жеткізуге болады.

Осылайша, толеранттылық қағидаттарын терең зерделеу, кеңінен насихаттау және практикалық тұрғыда жүзеге асыру қазіргі таңда Қазақстан халқының бірлігін нығайтуды көздейтін мемлекеттік және қоғамдық саясаттың ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Сонымен қатар, толеранттылық арқылы жағымды рухани-адамгершілік дәстүрлердің дамуы ғана емес, оларды жаңа өзгертін жағдайларда жүзеге асыру мүмкіндігі де бар екенін түсіну маңызды.

Алғыс, мүдделер қақтығысы

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық (AP23484991 – «Қазіргі Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғырту жағдайында жастарда діни сауаттылық пен мәдени толеранттылықты арттыру») жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер

- Абдигалиева, Г. К. (2016). *Энциклопедический словарь: Культура и толерантность*.
- Аубакирова, С. (2024). *Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың мәдени-философиялық негіздері: Монография*. Павлодар.
- Dictionnaire etymologique. (1964). Paris: Larousse.
- Ежова, Е. Ю. (2010). Культурная идентификация личности в поликультурном пространстве. *Регионоведение*, (1), 249.
- Исмагамбетова, З. Н. (2014). Этносаралық қарым-қатынас контекстіндегі толеранттылық. *Адам әлемі*, 4(62), 163 б.
- Мемлекетбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. (2024, 1 қыркүйек). «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдау.
- Нысанбаев, А. Н. (2004). *Глобализация и проблема межкультурного диалога* (Т. 1). Алматы: Институт философии и политологии Министерства образования и науки Республики Казахстан.
- Нұрышева, Г. Ж., & Аташ, Б. М. (2015). *Ғылыми таным философиясы: оқу құралы*. Алматы: Қазақ университеті.
- Цепкова, Н. (2007). Толерантность: история и сущность. В *Духовность и толерантность как основа стабильности общества: Сборник материалов международной научно-теоретической конференции* (с. 23). Алматы.
- Шалабаева, Г. К. (2002). Глобализация и проблема культурной идентичности. В *Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы* (с. 53–63). Алматы: Институт философии и политологии Министерства образования и науки Республики Казахстан.

References

- Abdigalieva, G. K. (2016). *Enciklopedicheskiy slovar': Kul'tura i tolerantnost'* [Encyclopedic dictionary: Culture and tolerance]. (in Russian)
- Aubakirova, S. (2024). *Qazaq qoǵamındaǵy toleranttylyqtyń mädeni-filosofijalyq negizderi* [Cultural and philosophical foundations of tolerance in Kazakh society]. Pavlodar. (in Kazakh)
- Cepkova, N. (2007). Tolerantnost': istoriya i sushhnost' [Tolerance: History and essence]. In *Duxovnost' i tolerantnost' kak osnova stabil'nosti obshhestva: sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-teoreticheskoy konferencii* (p. 23). Almaty. (in Russian)
- Dictionnaire etymologique. (1964). Paris: Larousse. (in French)
- Ezhova, E. Yu. (2010). Kul'turnaya identifikatsiya lichnosti v polikul'turnom prostranstve [Cultural identification of a person in a multicultural space]. *Regionologiya*, (1), 249. (in Russian)
- Ismagambetova, Z. N. (2014). Etnosaralyq qarym-qatynas kontekstindegi toleranttylyq [Tolerance in the context of interethnic relations]. *Adam Ölemi*, 4(62), 163. (in Kazakh)
- Memleketbasshysy Qasym-Zhomart Toqayevtyń. (2024, September 1). Әділетті Qazaqstan: zań men tәrtip, e'konomikalyq өсім, qoǵamdyq optimizm [A Just Kazakhstan: Law and order, economic growth, public optimism]. Address to the People of Kazakhstan. (in Kazakh)
- Ny'sanbaev, A. N. (2004). *Globalizatsiya i problema mezhkul'turnogo dialoga* [Globalization and the problem of intercultural dialogue] (Vol. 1). Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK. (in Russian)
- Shalabaeva, G. K. (2002). Globalizatsiya i problema kul'turnoy identichnosti [Globalization and the problem of cultural identity]. In *Multikul'turnoe obshchestvo v Kazaxstane: modeli, problemy, perspektivy* (pp. 53–63). Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Аубакирова Салтанат Советовна – PhD докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), Торайғыров университеті, (Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: aubakur@mail.ru);

Кожамжарова Майра Жанайдаровна – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), «Философия және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі, Торайғыров университеті (Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: mayra_2901@mail.ru);

Искакова Зауреш Сабырбековна – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: zauresh_iskakova@mail.ru);

Мажитова Айнаш Әлібайқызы – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан, e-mail: nicole_kz@mail.ru).

Сведения об авторах:

Аубакирова Салтанат Советовна – PhD, ассоциированный профессор (доцент), Торайғыров Университет (Павлодар, Казахстан, e-mail: aubakur@mail.ru);

Кожамжарова Майра Жанайдаровна – кандидат философских наук, ассоциированный профессор (доцент), ведущая кафедра философии и социальных наук, Торайғыров Университет (Павлодар, Казахстан, e-mail: mayra_2901@mail.ru);

Искакова Зауреш Сабырбековна – докторант, кафедра философии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zauresh_iskakova@mail.ru);

Мажитова Айнаш Әлібайқызы – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: nicole_kz@mail.ru).

Information about authors:

Aubakirova Saltanat – PhD, Associate Professor, Toraighyrov University (Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: aubakur@mail.ru);

Kozhamzharova Maira – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of Philosophy and Social Sciences, Toraighyrov University (Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: mayra_2901@mail.ru);

Iskakova Zauresh – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zauresh_iskakova@mail.ru);

Mazhitova Ainash – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, (Astana, Kazakhstan, e-mail: nicole_kz@mail.ru).

Поступила 29 марта 2025

Принята 20 июня 2025